

«ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

атты «Қасымбаев оқулары» шеңберіндегі Халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

21-22 желтоқсан 2010 ж.

Алматы, 2010



ӘОЖ 94(574)
ББК 63.3(5 Каз)
О-81

Бас редактор:

С.Ж. Пірәлиев– Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, профессор

Редакция алқасы:

Ғ.Қ. Кенжебаев– т.ғ.д., бас редактордың орынбасары,
Ғ.Х. Халидуллин– т.ғ.д., жауапты редактор, профессор,
Т.Т. Далаева– т.ғ.к., доцент, жауапты хатшы,
Е.Н. Ермұқанов– т.ғ.к., доцент,
С.К. Шілдебай– т.ғ.к.,
А.К. Кадиров– аға оқытушы,
К. Скакова– техникалық хатшы.

О-81 «Отан тарихының әдіснамасы мен тұжырымдамасының өзекті мәселелері» атты «Қасымбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 21-22 желтоқсан 2010 жыл. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 284 б.

ISBN 978-601-232-417-4

Халықаралық конференцияның материалдар жинағына профессор Ж.Қ.Қасымбаевтың өмір жолдары мен ғылыми педагогикалық қызметі және отан тарихының әдіснамасы мен тұжырымдамасының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574)
ББК 63.3(5 Каз)

ISBN 978-601-232-417-4

4. РФ ООТМ 1-қор, 1-тізім, 176-іс, 68-қайырма беті.
5. РФ ООТМ 1-қор, 1-тізім, 137-іс, 140-парақ.

Түйін

Автор бұл мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың хан, сұлтандарының хат-құжаттарының зерттелу мәселелерін сөз етеді.

Summary

In the article author considered historical records and letters of Kazakh khans and sultans related to the XVIII-XIX cc.

«ТУРКЕСТАНСКИЕ ВЕДОМОСТИ» ГАЗЕТІНІҢ БАСТЫ МИССИЯСЫ МЕН ИДЕОЛОГИЯСЫ

Тимур Болсынбек -

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің
ғылыми қызметкері. Алматы қ.

Мерзімді басылымдардың халық үшін алатын маңызына, қоғамдағы атқаратын рөліне қазақтың «ұлт ұстазы» - Ахмет Байтұрсынов мынадай баға береді: «...Әуелі, газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек...» [1]. Мерзімді басылымдар тарихының даму жолын зерделеу ісін зерттеушілер (Ү.Субханбердина, Д.И.Дулатова, Ш.Елеуенов, Ж.Шалғынбай және т.б.) алдымен мұрағат және сирек кездесетін қорлардағы деректерге, содан кейін ғылыми зерттеулермен сол мерзімді басылымдардың өз беттеріндегі материалдарға сүйенеді, әрі олардың деректілігі мен дәйектілігін түрлі бағытта зерттей отырып, әр алуан баға береді. Қ.М.Атабаевтың пікірінше: «газет пен журнал материалдары қоғамдық-саяси өмірдің кең суреттемесін қалпына келтіріп, зерттеудегі кезеңнің басты актуальды проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді» [2].

1870-1917 жж. жарыққа шыққан «Туркестанские ведомости» газеті туралы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында ақпараттық мәлімет беретін деректер А.Н.Харузин, А.Алекторов, Ф.А.Брокгауз, И.А.Ефрон, В.В.Бартольд, В.Р.Розен, Е.К.Бетгер сынды авторлардың еңбектерінде кездеседі.

Отандық ғалымдарымыздың ішінде «Туркестанские ведомости» газетіне қатысты профессор Қ.М.Атабаев өзінің монографиялық зерттеуінде аталмыш басылымның алғашқы нөмірінде шыққан бас мақаланы әкімшілік бағдарламасы, әрі құнды тарихи дерек ретінде толық келтіріп қана қоймай, газеттің 1917 ж. №141, 143, 153 сандарында - қазақтардың өлкелік съездеріне қатысты қозғалған мәселелерді көрсетіп өтсе, М.Қ.Жақыпов, Т.Е.Қартаева, С.Ж.Нұрбеков сияқты ғалымдар өз зерттеулеріне «Туркестанские ведомости» газеті беттеріне жарияланған материалдар негізінде патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының өзектілігін аша отырып, газеттің саяси бағыт-бағдарына, Ресейдің ішкі губернияларынан қоныстандырылған шаруалар мәселесін баяндау, өлкені экономикалық игеру, білім беру т.б. мәселелерге баса назар аударылған, сонымен қатар, олардың еңбектерінде қазақ халқының салт-дәстүрі, жалпы этнографиясына қатысты мәліметтер молынан қамтылған, көптеген мақалалары жарыққа шыққан, әрі басылымның библиографиялық көрсеткішін жасаған. Ал, Б.Абилхасимова өзінің зерттеу еңбегінде «...Ол кезде, Ресейде жергілікті газетті редакциялау, жалпы газет ісі, әдеттегідей, облыстық басқармадағы бөлім бастығына жүктелсе, Түркістанда газетті генерал-губернатордың құзырындағы әскерилер редакциялады» деп, газеттің өзіндік ерекшеліктерін атап кетеді. Бұл аталған зерттеушілермен қатар, мерзімді басылым беттерінен, аталмыш газет туралы жазған Ж.Б.Алымбаев, Е.Қ.Әбдіманатов және т.б. авторлардың арнайы мақалаларын табуға болады [3].

Түркістан генерал-губернаторлығының саяси органы ретінде арнайы құрылғандықтан «Туркестанские ведомости» газеті Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі басқа басылымдарға қарағанда өзінің кең ауқымды бағдарламаларымен ерекшеленді. Газет патша үкіметінің отарлау саясатын жүргізгеніне қарамастан, революцияға дейінгі Қазақстанның тілі мен тұрмыс-тіршілігін оқып білуде маңызды дерек көзі болып табылады. Бұл газеттің ізін ала орыс тілінде облыстық

ведомостар Қазақстанның барлық облыстарында дерлік шығарылды, әрі газет сол уақыттағы шығарылған губерниялық және облыстық ведомостардан анағұрлым айырмашылығы болды [4].

Түркістан өлкесінде газет шығару жөнінде ең алғаш мәселе көтерген Түркістан статистикалық комитетінің мүшесі С.А.Идаров болды. Ол 1868 ж. 2-ші ақпанда Ташкент қаласында осы өлкеде басылым шығару туралы ұсынысын статистикалық комитетке былай жеткізеді: «Жаңа бағындырылған, әлі белгісіз және аз зерттелген Түркістан өлкесінің статистикасына, этнографиясына және географиясына қатысты мәліметтер орыс қоғамының назарын және ізденуші ғалымдардың қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Осы өлкеде құрылған статистикалық комитет ғылымға қажетті материалдарды ресми бағытта жинап, оны сыни електен өткізеді. Алайда, Орта Азия туралы дәйекті зерттеулері бар жеке адамдар немесе осында тұратын оны оқып-зерттеп жүргендер өз еңбектерімен белісу үшін, сондай-ақ, білімқұмар орыс ғалымдарының ізденісін қанағаттандыра түсетін жергілікті басылым шығуына рұқсат етілсе - дей келе, қазіргі уақытта жергілікті комитеттің қызметіне, география қоғамының, орталық және губерниялық статистикалық комитеттің, Орта Азияны зерттеп жүрген жеке тұлғалар мен оқырман қауымының назарын аударғаны сөзсіз. Оларды біздің ісімізге ортақтастыру үшін жергілікті газет шығуы өте қажет. Ол үшін, алдымен Генерал-губернатордың рұқсаты, ал, статистикалық комитет цензура мен жауапкершілікті өзі мойына алады. Ұсынысты жүзеге асыру үшін, жергілікті басшылықтың қаржылай көмегі, жеке тұлғалардың қайырымдылығы мен барлық әскерилердің және халықтық-әскери басқармалардың газетке жазылуы міндеттеліне» [5].

Көп ұзамай, Түркістан статистикалық комитетінің 1868 ж. 7 ақпандағы отырысында, коллегиялық кеңестің мүшесі С.А.Идаровтың жоғарыдағы ұсынысын Статистикалық кеңестің төрағасы И.Шестаков пен басқа мүшелері А.В.Буняковский, А.Р.Деннетъ және хатшы Е.С.Савеннов қуаттап қаулы қабылдап, генерал-губернатордың назарына ұсынады, мқнамдап жеткізсек, онда: «...Біріншіден, цензурадан өткен және статистикалық комитеттің жауапкершілігімен оның жанынан газет шығару, онда үкімет жарлықтарымен қатар, осы өлкеге қатысты зерттелген ғылыми еңбектер де басылым тұруына рұқсат берілсе; Екіншіден, газеттің шығуына алдымен үкіметтен жүрдем ақы бөлінсе, сосын, оған барлық шенділер, әскерлер және халықтық-әскери басқармалар міндетті түрде жазылуы қамтамасыз етілсе» делінген [6]. Метрополияның отарлау саясатының идеологиялық қаруында-баспасөздің жетекші рөл атқаратынын жақсы түсінген Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман комитеттің ұсынысын мақұлдайды. Айтпақшы, Патшалық Ресейдің Орта Азияны жаулап алуына бағытталған барлық дерлік әскери іс-қимылдарында отарлау саясатын дәйектілікпен жүргізген, әрі Түркістан округінде шетсіз-шексіз билікке ие болған осы Кауфманның есімі көптеген деректерде жиі ұшырасады.

Ресми басылым болғандықтан, Түркістан генерал-губернаторлығы «Туркестанские ведомости» газетіне 12 000 сом қаржы бөледі, оның 2500 сомы редактордың, ал 1500 сомы оның көмекшісіне жалақы ретінде жұмсалған [7].

«Туркестанские ведомости» газетінің тұңғыш редакторы болған штаб-капитан Н.А.Маевтан (1870-1892) кейін, әр жылдары - 1892-1899 жж. - А.П.Романович; 1899-1901 жж. - С.А.Гептнер, М.Трулев; 1901-1907 жж. - Н.Г.Маллицкий; 1908 ж. - Е.Михайловский; 1909-1914 жж. - М.Левин; 1914-1916 жж. - А.Скворцов; 1917 ж. №1 санынан - В.П.Наливкин; №87 санынан - А.П.Лисовский; №162 санынан - В.С.Елпатовский; №166 санынан - В.П.Наливкин; №209 санынан - И.И.Белков; №235 санынан - В.П.Подпалов; №247 санынан - Ф.Колесов редакторлық қызметті атқарған. Жалпы, әр кезеңдерде уақытша редакторлық міндетті орындағандарды қосым есептегенде, барлығы 20 редактор басқарған [8].

Газет таралымы жыл өткен сайын көбейіп отырған, мысалы: 1870 ж. - 17 саны жарық көрсе, 1871 ж. - аптасына бір рет, 1893 ж. - аптасына екі рет, 1903 ж. желтоқсан айынан - аптасына үш рет, 1907 ж. - аптасына төрт рет шығарылған, ал сол жылғы шілде айынан бастап күнделікті газетке айналған. Бастапқыда басылымға жазылу бағасы 7 сом деп белгіленсе, 1888 ж. ол 7 сом 80 тиынға көтерілген екен [9].

«Туркестанские ведомости» газетін шығаруда үкімет толықтай айқын, белгілі мақсаттарды көздейді. Басылымның басты мақсаты бәрінен бұрын, жергілікті жерлерде Түркістан генерал-губернаторлығының өктем билігі мен беделін нығайту, онда патшалықтың саясатын жүргізу үшін, оның даңқ-дәрежесін, атағын асыру болатын.

Газет өзінің мақсат-міндеттерін алғашқы нөмірінде айқындады: «Туркестанские ведомости» газетінің өз алдына қойған басты міндеті: ұзақ уақыт бойы мұсылмандық қыспақ пен азиялық деспотизмде болған елде, орасан зор еңбек - азаматтық тәртіппен, өркеніет және халық

қауіпсіздігінің толықтай орнауы ол жерде қалай ақырындап жүзеге асырылып жатқанын оқырман қауымының үнемі қадағалап отыруына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ, газет үшін еш маңызды кем емес міндет: Түркістан өлкесіне дұрыс көзқарас қалыптастыру және оның Ресей үшін алатын маңыздылығы. Ресейдің жаңа бағындырған, әлі белгісіз және аз зерттелген, алайда әлдеқашан барлық әлем ғалымдарының жоғары қызығушылығын арттырған өлкенің тарихына, географиясына, этнографиясына және статистикасына қатысты мақала-естеліктермен оқырман қауымды хабарлар етіп отыру. Сонында, оқырмандарды Ташкенттің қоғамдық өмірі туралы мақала-жазбалар, Түркістан өлкесіндегі орыс халқының жалпы жағдайы мен талап-тілек, ұсыныс, мұқтаждықтарымен хабарлар етіп отыру» - деп жазады [10]. Басылым өзінің идеологиялық міндеттемелерін алдағы басқа да сандарында үнемі насихаттап отырған. Мысалы, мына бір нөмірінде: «Оқырман қауымды біздің ортаазиялық иелігімізді және Орта Азияның көрші елдерін, жергілікті түземдіктердің этнографиялық ерекшеліктерімен әдет-ғұрыптарын, орныққан пікір-көзқарастарын, ғасырлар бойы жинақталған, дағдыланған, өзгеше азиялық мәдениетті және табиғи байлықтарын санала, тиімді түрде пайдалану, Орта Азияға келіп қоныстанушылардың жағдайымен, жергілікті әкімшіліктің мақсат-міндеттерімен, азиялық өмірге ақырындап еніп жатқан Еуропа жетістіктерінің бастауларын үнемі жариялап, таныстырып отыру» деген [11].

Басылым үкіметтің және жергілікті әкімшіліктің бұйрықтарын жариялаумен қатар, өлкені жан-жақты зерттеуге арналған «маңызды терең ғылыми мақалаларға да» орын беріп отырды. Ол кезде повесть, романдар, беллетристика жанрындағы әдеби шығармалар газет беттерінде жарияланбады. Пікір-таластарға (полемика) мүлдем тиым салынды [12]. Баспаға өндірістік базаның жарнамалық хабарландырулардың есебінен түскен табыстан кенеюіне жол берілмеді. Газетті толығымен жергілікті өлкелік әкімшілік қаржыландырады, әрі газет аса ресми болды, сондықтан да басылым тек әкімшіліктің тапсырған саясатын ғана жүргізумен болды.

Іс жүзінде газеттің алғашқы бес жылда, оның басты «цензоры» генерал-губернатор Кауфманның өзі болған. Ол кезде Түркістан генерал-губернаторлығының территориясына Сырдария және Жетісу облыстары бағынған болатын. Олармен қатар, газет беттерінде Ақмола, Верный, Семей, Орынбор және басқа да жерлерде тұратын қазақтардың тыныс-тіршілігі туралы (әріне, тек мұң-мұқтажынан басқа) хабарлар жарияланып отырған, газеттің кезекті нөмірлері оларға баспаға жазылуларына байланысты жіберіліп тұрған.

«Туркестанские ведомости» газеті - 1870 ж. 28 сәуірден - 1917 ж. 15 желтоқсанға дейінгі аралықта 6406 саны жарық көрген. Онда қазақ халқына қатысты 2000-ға жуық мақала, деректер жарияланған» [13].

Қазақстан тарихында ең өзекті мәселелердің бірі - патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясаты. Патшалықтың қазақ даласына бірінғай отарлық басқару жүйесін енгізуі, 1822 ж. «Сібір қазақтары туралы жарғысы» жүзеге асыруынан басталды. Жарғы 1860 жж. ортасына дейін Сібір әкімшілігіне қарасты қазақтарды басқарудағы негізгі сүйенетін заң болды. Бұған қоса, дәл сол кезде Ресейде феодализмді басыбайлық жүйе дағдарысқа ұшырап, ел ішінде шаруалар наразылығының күн өткен сайын күшеюіне байланысты патша үкіметі 1861 ж. «Шаруа реформасын» қабылдап, «басыбайлық құқықты» жоюға мәжбүр болады. Соның нәтижесінде, шаруалардың Орта Азияға, әсіресе Қазақстанға жаппай қоныс аударуына мол мүмкіндік туды. Ол туралы, тіпті түгтеп келгенде шаруаларды қоныстандыру арқылы патша үкіметінің Орта Азия және Қазақстанға қатысты отарлау саясаты, «Туркестанские ведомости» газеті беттерінде ашық жазылып отырды. Сондай желісте, тебіреніспен жазылған «ІІМ. 3-в» деген автордың мына бір мақаласына көз жүгіртсек, онда: «Осыдан тура 30 жыл бұрын, шаруалардың басыбайлық тәуелділік құқығының күші жойылғаннан кейін, жерінен айырылған немесе егін егіп, құн көруге жері жок 20 млн-дай халықтың табиғи байлығы мол, тың, артық жерлерге жаппай қоныс аударуына себеп болды. Шыңтауайтыңда, кейбір губернияларда адам басына жер ¼ десятинадан келді, әріне ол жері жоктыққа саналады. Шаруалардан помещиктерге босап қалған көптеген жерлер, өзіміздің орыс егіншілерінің қолына кошеңнің орнына, түрлі алыпсарта, колонистер, кулактарға және тағы сол сияқты топтарға жататындардың қолдарында жем болып кетті, деген ішкі қыңжылысын білдіріп, ары қарай, әріне, мұндай жағдайда шаруалардың қыспақтан қашуы қалыпты табиғи құбылыс. Үкімет шығысқа жаппай немесе жекелей қоныс аударм деушілерге кедергі жасамай, керісінше, оларды ынталандырып, көшіп-қонуларын жеңілдеткені жөн...» деп, отандастарына жаңы аши келе, ...шынын айту керек, егінші-шаруалар қоныстанған барлық шеткі аймақтардың ішінде Жетісу өңірі ең олжалы жер болды. Себебі, келімсектер бұл жердегі байырғы жер нелерімен қарсылыққа ұшыраспады және генералдар Кауфман мен Колпаковскийдің өте

табиғатының арқасында, уақытты құр жібермей, қоныстанушыларға бөлінген жерлерді дер кезінде бөліп беруде», деу арқылы жергілікті жердегі билік өкілдеріне өз ризашылығын білдіріп, ағынын жарылады [14].

Қорыта келгенде, 47 жылдық тарихы бар «Туркестанские ведомости» газетінің беттерінен қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне, тарихына, географиясына, отарлау саясатына қатысты және т.б. тың тақырыптарда көптеген мәліметтерді қарастыруға болады.

1. Ахмет Байтұрсынұовтың Қазақ газетінің оқырмандарына арнау сөзі. «Қазақ» газеті /Құраст. Ү.Субханбердіев және т.б./ - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, 10 б.
2. Атабаев Қ.М. «Мерзімді басылым - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде». - Алматы: «Қазақ университеті», 1998, 11 б.
3. Атабаев Қ.М. Аталған еңбек. 69, 192 бб.; Жақынов М.Қ. «Туркестанские ведомости» газетінде патшалық Ресейдің Мырзаларді отарлау саясатының жазылуы. Алматы, 1997. (Диссертация қолжазбасы); Қартаева Т.Е. «Туркестанские ведомости» газеті (1870-1917) қазақтарға қатысты тарихи-этнографиялық деректілігі. - Алматы, 2001. (Диссертация қолжазбасы); Соныақ, Қазақ тарихы: 1999, №2, 10-14 бб.; 2000, №1, 56-58 бб. және т.б.; Нурбеков С.Ж. «Туркестанские ведомости»: история, экономика, политика. - Алматы, «Қазақ университеті», 2006; Абылхасимова Б. «Казакхизмы в русскоязычных газетах Казахстана» (III п. XIX в.). Алматы, «Арыс», 2006, 6 б.; Алымбаев Ж.Б. Туркестанские ведомости как источник по истории кыргызов колониального периода // Отан тарихы, 2009, №1, 150-157 бб.; Әбдіманатов Е.Қ. «Туркестанские ведомости» газеті қазақ халқының тарихи-этнографиялық дерегі ретінде зерттеудің маңызы // Зерттеуші, 2008, №9/10, 153-163 бб.
4. Абылхасимова Б. Аталған еңбек. 6 б.
5. Отдельное мнение члена Туркестанского Статистического комитета С.А.Идарова. // Материалы для статистики Туркестанского края. Изд. Туркестанского Статистического комитета. Ежегодник (под ред. Н.А.Маева), Вып. 1. - СПб. 1872, 229 б.
6. Журнал Туркестанского Статистического комитета 7 февраля 1868 г. // Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник (под ред. Н.А.Маева), Вып. 1. - СПб. 1872, 226 б.
7. Жақын М. «Туркістан улағатының газеті» және орыс баспасөзі // Жұлдыз. 1996, №12, 189 б.
8. Қартаева Т.Е. Аталған еңбек, 21 б.
9. Жақын М. Аталған еңбек, 190 б.
10. «Туркестанские ведомости», 1870, 28 сәуір, № 1.
11. «Туркестанские ведомости», 1879, 9 қаңтар, № 2.
12. «Туркестанские ведомости», 1895, 10 мамыр, № 30.
13. Қартаева Т.Е. «Туркестанские ведомости» газетіндегі мақалалардың библиографиялық көрсеткіші // Қазақ тарихы. 2000, №1, 56 б.
14. «Туркестанские ведомости», 1891, 21 мамыр, № 21.

Резюме

В статье автор раскрывает идеологическую направленность и главные цели газеты с полувековой историей «Туркестанские ведомости» - политического рупора Туркестанского генерал-губернаторства.

Summary

In the article author reveals ideological direction and main aims of newspaper with a half century history "Turkistanskіe vedomosti" (Turkistan statements) - political shout of the Turkistan general-governement.